

**Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар қызметінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 757 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 52 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17665 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 763 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 130 бірлескен бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.12.2022 № 763 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 19.12.2022 № 130 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

Ескерту. Бірлескен бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.04.2020 № 240 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.04.2020 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ :

#### 1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау мен қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар қызметінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес сәулет және қала құрылысы органдарына қатысты сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарына қатысты сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес құрылыс органдарына қатысты сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы тексеру парағы бекітілсін.

2. "Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 3 маусымдағы № 235 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14139 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 1 қыркүйекте жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
Министрі  
\_\_\_\_\_ Ж. Қасымбек

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
\_\_\_\_\_ Т. Сүлейменов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Бас прокуратурасы  
Құқықтық статистика және  
арнайы есепке алу жөніндегі  
комитетімен

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2018 жылғы 31 қазандағы  
№ 757 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2018 жылғы 31 қазандағы № 52  
бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

**Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау мен қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар қызметінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау мен қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар қызметінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабының 3-тармағына, 143-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларына және тексеру парақтарының нысанына сәйкес бақылау және қадағалау субъектілерін тәуекел дәрежелеріне жатқызу үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау және қадағалау субъектілері:

сәулет және қала құрылысы;

құрылыс;

мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар;

2) елеулі бұзушылықтар – сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген, Қазақстан Республикасының

заңдарында көзделген әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын және дұрыс емес есептілік және мониторингті ұсынуға, мемлекеттік нормативтердің сақталмауына, хабарлама қабылдап алу, бақылау және қадағалау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу тәртібі және олқылықтарды түзеуден басқа, сонымен қатар азаматтардың құқықтары және заңды мүдделерін бұзуға, шағымдар мен өтініштердің болуына байланысты бұзушылықтар;

3) елеусіз бұзушылықтар – атқару құжаттарының уақытылы және дұрыс ресімделмеуі;

4) өрескел бұзушылықтар – сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілермен белгіленген, солардың салдарынан қолайлы мекендеу ортасының және адамның, оның ішінде мүгедектердің тыныс-тіршілік жағдайы нашарлайтын, техногендік апат фактілерінің болуына (ғимараттар мен құрылыстардың тіреу және қоршау конструкцияларының қирауы), Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтыратын қоғам мүдделеріне залал келтіруге, сондай-ақ штатта тиісті білімі мен белгілі бір жұмыс тәжірибесі бар жұмыскерлердің болмауына, іске асырылған құрылыс объектілерінің болмауына, сарапшылардың жоқ болуына және жауапкершілік деңгейлеріне сәйкес келмеуіне, лицензиясының және аккредиттелген сарапшылардың болмауына байланысты бұзушылықтар;

5) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы тәуекел – бақылау және қадағалау субъектісінің қызметі нәтижесінде салдарының ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

6) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау және қадағалау субъектісіне тікелей байланысты емес бақылау және қадағалау субъектілерін іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау және қадағалау субъектісінің қызмет нәтижелеріне байланысты сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау мен қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдарды іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) тексеру парағы – сақталмауы адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қауіп

төндіретін бақылау және қадағалау субъектілер қызметіне қойылатын талаптарды ғана қамтитын талаптар тізбесі.

3. Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау мен қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар қызметінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттар бойынша қалыптастырылады.

## **2-тарау. Объективті өлшемшарттар**

4. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары дәрежесіне сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы барлық бақылау және қадағалау субъектілері:

сәулет және қала құрылысы;  
құрылыс;

мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау жөніндегі жергілікті атқарушы органдары жатады, себебі олардың қызметі тікелей адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтірудің неғұрлым ықтималдылығының көрсеткіштерімен байланысты, яғни олардың қызметі қауіпсіз, жайлылы және жағымды тіршілік ету аймағымен қамтамасыз ету қажет.

## **3-тарау. Субъективті өлшемшарттар**

5. Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттарын айқындау үшін мынадай ақпарат көздері:

1) бақылау және қадағалау субъектілері ұсынатын, оның ішінде автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы ұсынылатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері;

2) бұрынғы бақылау және қадағалау субъектісіне бару арқылы тексерудің/профилактикалық бақылау мен қадағалаудың нәтижелері (бұл ретте бұзушылықтардың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, елеусіз) заңнама талаптары сақталмаған жағдайда белгіленеді);

3) расталған (дәлелденген) шағымдар мен өтініштердің болуы және саны;

4) мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының ресми интернет-ресурстарын талдау нәтижелері.

6. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде субъективті өлшемшарттар үш бұзушылық дәрежесі бойынша бөлінеді: өрескел, елеулі және елеусіз.

Бақылау және қадағалау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Қолда бар ақпарат көздерінен бір өрескел бұзушылық анықталған жағдайда бақылау және қадағалау субъектіге 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылықтар анықталмаса, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және елеусіз бұзушылықтар бойынша қосынды көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,7,$$

мұнда:

$SP_3$  – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$SP_1$  – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$SP_2$  – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Елеусіз бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,3,$$

мұнда:

$SP_H$  – елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіші;

$SP_1$  – елеусіз бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$SP_2$  – анықталған елеусіз бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосындылау арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_H,$$

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$SP_3$  – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$SP_H$  – елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіші.

Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары осы өлшемшарттарға Қосымшада көрсетілген.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау және қадағалау субъектісі:

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 61-ден бастап 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде және оған қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне бару

арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізіліп жатса – жоғары тәуекел дәрежесіне жатады;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 60-қа дейін болған кезде және оған қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізілмесе – жоғары тәуекел дәрежесіне жатпайды.

Тәуекел дәрежесін талдау және бағалау кезінде бұрын нақты бақылау және қадағалау субъектісіне қатысты ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері қолданылмайды.

Бақылау және қадағалау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу жиілігі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен, бірақ жылына бір реттен жиі емес айқындалады.

Реттеуші мемлекеттік органның бірінші басшысы бекіткен, талдау мен бағалаудың нәтижелері бойынша бақылау және қадағалау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің жартыжылдық тізімі бақылау және қадағалау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындауға негіз болып табылады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау Кодекстің 141-бабының 3-тармағына сәйкес құрылатын бақылау және қадағалау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалаудың жарты жылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

Бақылау және қадағалау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің барынша жоғары көрсеткіші бар бақылау және қадағалау субъектісінің басымдығы ескеріле отырып жасалады.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.04.2020 № 240 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.04.2020 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

Сәулет, қала құрылысы,  
құрылыс және мемлекеттік  
сәулет-құрылыс бақылау мен  
қадағалау істері жөніндегі  
жергілікті атқарушы органдар  
қызметінің сәулет, қала  
құрылысы және құрылыс  
саласындағы тәуекел дәрежесін  
бағалау өлшемшарттарына  
қосымша

**Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау мен қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар қызметінің сәулет, қала**

## құрылысы және құрылыс саласындағы тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.09.2020 № 496 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.09.2020 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

| Р/с №   | Өлшемшарттар  | Бұзушылық дәрежесі |
|---|---|--------------------|
| Сәулет және қала құрылысы органдары   |   |                    |
| 1. Бақылау және қадағалау субъекті ұсынатын, оның ішінде автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы ұсынылатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу қорытындылары.   |   |                    |
| 1   | Салынуы белгіленген объектілер мен кешендер туралы ақпаратты (тапсырыс беруші, мердігер, авторлық және техникалық қадағалау, сараптама қорытындысының, жерге тиісті құқық беру туралы шешімнің болуы туралы мәліметтерді) әрбір айдың 5-күніне ұсынбау                            | өрескел            |
| 2   | Салынып жатқан объектілер мен кешендер туралы ақпаратты (тапсырыс беруші, мердігер, авторлық және техникалық қадағалау, сараптама қорытындысының, жерге тиісті құқық беру туралы шешімнің болуы туралы мәліметтерді) тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне ұсынбау | өрескел            |
| 2. Бұрынғы бақылау және қадағалау субъектісіне бару арқылы тексерудің/профилактикалық бақылау мен қадағалаудың нәтижелері (бұл ретте бұзушылықтардың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, елеусіз) заңнама талаптары сақталмаған жағдайда белгіленеді). |   |                    |
| 3   | Объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке алуды жүргізу   | өрескел            |
| 4   | Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың және республиканың селолық елді мекендерінің бас жоспарлау жобаларының болуы   | өрескел            |
| 5   | Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың және республиканың селолық елді  | өрескел            |

|    |   |         |
|----|---|---------|
|    | мекендерінің егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларының болуы   |         |
| 6  | Аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлуін ұстану   | өрескел |
| 7  | Қызыл сызықтардың сақтауы   | өрескел |
| 8  | Сары сызықтардың сақтауы  | өрескел |
| 9  | Құрылыс салуды реттеу сызықтарының сақтауы  | өрескел |
| 10 | Астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін көзделген бірыңғай сәулеттік стиль тұжырымдамасының сақталуы  | өрескел |
| 11 | Жергілікті атқарушы органдардың шешімін дайындау кезінде өтініш берушіге жерге тиісті құқық беру туралы қала құрылысы талаптарының сақталуы   | өрескел |
| 12 | Жергілікті атқарушы органдардың шешімін дайындау кезінде өтініш берушіге үй-жайларына (жекелеген бөліктеріне) реконструкциялау, қайта жоспарлау, қайта жабдықтау жүргізуге туралы қала құрылысы талаптарының сақталуы   | өрескел |
| 13 | Құрылысқа арналған эскизді (эскиздік жобаны) келісу талаптарының сақталуы   | елеулі  |
| 14 | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіпте, салынып жатқан (салынуы көзделген) объектілер мен кешендерге мониторинг жүргізілуі   | елеулі  |
| 15 | Сәулет-жоспарлау тапсырманы және техникалық шарттарды беруге өтінішті берген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын дәлелді бас тарту жағдайларын қоспағанда, 6 (алты) жұмыс күнінен аспайтын техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі емес объектілерді жобалауға берілген өтініштерді қарау мерзімін сақтау | елеулі  |
|    | Сәулет-жоспарлау тапсырманы және техникалық шарттарды беруге өтінішті берген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен  |         |

|  |   |         |
|--|---|---------|
| 16   | аспайтын дәлелді бас тарту жағдайларын қоспағанда, 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі жобалар бойынша өтініштерді қарау мерзімін сақтау  | елеулі  |
| 17   | Сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру   | өрескел |
| 18   | Сәулет және қала құрылысы органына бұрын берілген нұсқамаларды орындау  | өрескел |
| 19   | Елді мекендердің бас жоспарлары, аумақты аймақтарға бөлу жоспарлары, егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарлары, өнеркәсіптік аймақтарды жоспарлау жобалары, құрылыс салу жобалары, абаттандыру және көгалдандыру жобалары, басқа да жоспарлау жобалары туралы ақпаратты мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына ұсыну | елеулі  |
| 20   | Қызыл сызықтары және құрылыс салуды реттеу сызықтары туралы ақпаратты мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына ұсыну   | елеулі  |
| 21   | Келісілген эскиздік жобалар туралы ақпаратты мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына ұсыну  | елеулі  |
| 3. Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы.  |   |         |
| 22   | Жеке немесе заңды тұлғаның расталған шағымы немесе өтінішінің болуы   | өрескел |
| 4. Мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының ресми интернет-ресурстарын талдау нәтижелері.   |   |         |
| 23   | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы бұзушылықтар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ресми хабарлардың болуы   | өрескел |
| Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдары  |   |         |
| 1. Бақылау және қадағалау субъект ұсынатын, оның ішінде автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы ұсынылатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу қорытындылары. |   |         |
|  | Мүгедектер үшін қолжетімділікті қамтамасыз етуді міндетті түрде ескере отырып, объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін,   |         |

|   |   |         |
|---|---|---------|
| 1   | сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке алуды жүргізібеу   | өрескел |
| 2   | Салынып жатқан (реконструкцияланатын, кеңейтілетін, модернизацияланатын, күрделі жөнделетін) және пайдалануға берілген объектілерге мониторинг жүргізібеу   | елеулі  |
| 3   | Салынуы белгіленген объектілер мен кешендер туралы ақпаратты (тапсырыс беруші, мердігер, авторлық және техникалық қадағалау, сараптама қорытындысының, жерге тиісті құқық беру туралы шешімнің болуы туралы мәліметтерді) әрбір айдың 5-күніне ұсынбау                            | өрескел |
| 4   | Салынып жатқан объектілер мен кешендер туралы ақпаратты (тапсырыс беруші, мердігер, авторлық және техникалық қадағалау, сараптама қорытындысының, жерге тиісті құқық беру туралы шешімнің болуы туралы мәліметтерді) тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне ұсынбау | өрескел |
| 2. Бұрынғы бақылау және қадағалау субъектісіне бару арқылы тексерудің/профилактикалық бақылау мен қадағалаудың нәтижелері (бұл ретте бұзушылықтардың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, елеусіз) заңнама талаптары сақталмаған жағдайда белгіленеді). |   |         |
| 5   | Құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталуы туралы хабарламаны қабылдау тәртібін сақтау   | елеулі  |
| 6   | Өтініш беруші мен мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органы қызметкерінің арасында келіспеушіліктер бар болған жағдайда, келіспеушіліктер туралы акт жасалуы   | елеулі  |
| 7   | Салынып жатқан және салынған объектілерде бекітілген (қайта бекітілген) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының болуы   | өрескел |
| 8   | Жобаларға сараптаманың оң қорытындысының болуы  | өрескел |
| 9   | Жер учаскесіне берілген тиісті құқықтың болуы   | өрескел |
|   |   |         |

|    |  |         |
|----|--|---------|
| 10 | Құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізудің басталғаны туралы хабарламаны қабылдау жөніндегі талонның болуы   | елеулі  |
| 11 | Орындалған (орындалып жатқан) құрылыс-монтаждау жұмыстарының, қолданылатын құрылыс материалдарының (бұйымдарының, конструкцияларының) және жабдықтың бекітілген жобалық шешімдерге және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге, оның ішінде тіреу және қоршау конструкцияларының беріктігін, орнықтылығын, сенімділігін және ғимараттардың (құрылыстардың) пайдалану сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нормативтерге сәйкес келуі | өрескел |
| 12 | Тиісті жұмыс түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензияның бар-жоғы және лицензияланатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің санаттылыққа сәйкес келуі  | өрескел |
| 13 | Іздестіру қызметімен айналысу үшін штатында тиісті жоғары кәсіби білімі және жұмыс тәжірибесі бар кемінде бір инженерлік-техникалық жұмыскердің болуы талабына сәйкес келуі  | өрескел |
| 14 | Іздестіру қызметімен айналысу үшін меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және (немесе) жалға алу құқығында өндірістік базаның болуы талабына сәйкес келуі   | елеулі  |
| 15 | Іздестіру қызметімен айналысу үшін меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және (немесе) жалға алу құқығында ең аз материалдық-техникалық жарактандырылуының болуы талабына сәйкес келуі  | елеулі  |
|    | Іздестіру қызметімен айналысу үшін жұмыстардың тиісінше орындалуын және сапаның қамтамасыз етілуін регламенттейтін сапаны бақылау (  |         |

|    |   |         |
|----|---|---------|
| 16 | норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау) жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен нұсқаулықтың болуы талабына сәйкес келуі  | елеулі  |
| 17 | Іздестіру қызметімен айналысу үшін жауапты инженер-техник жұмыскердің оқудан өткенін растайтын құжаттарды қоса берумен, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен қағидалардың және нұсқаулықтардың болуы талабына сәйкес келуі   | елеулі  |
| 18 | III санаттағы жобалау қызметімен айналасу үшін лицензиаттарға қойылатын штатында лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша тиісті аттестаты бар және өтініш берушіде тұрақты негізде жұмыс істейтін кемінде бір аттестатталған инженер-техник жұмыскердің болуы талабына сәйкес келуі | өрескел |
| 19 | III санаттағы жобалау қызметімен айналасу үшін лицензиаттарға қойылатын меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және (немесе) жалға алу құқығында әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлардың болуы талабына сәйкес келуі   | елеулі  |
| 20 | III санаттағы жобалау қызметімен айналасу үшін лицензиаттарға қойылатын лицензияланатын қызмет түрінің мәлімделген кіші түрін орындау үшін қажетті есеп айырысуларды орындауды, графикалық және өзге де материалдарды жасау мен ресімдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтылымның болуы талабына сәйкес келуі                   | елеулі  |
|    | II санаттағы жобалау қызметімен айналасу үшін лицензиаттарға қойылатын штатында лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің   |         |

|    |   |         |
|----|---|---------|
| 21 | құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша тиісті аттестаты бар және өтініш берушіде тұрақты негізде жұмыс істейтін кемінде бір аттестатталған инженер-техник жұмыскердің болуы талабына сәйкес келуі  | өрескел |
| 22 | II санаттағы жобалау қызметімен айналасу үшін лицензиаттарға қойылатын меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және (немесе) жалға алу құқығында әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлардың болуы талабына сәйкес келуі  | елеулі  |
| 23 | II санаттағы жобалау қызметімен айналасу үшін лицензиаттарға қойылатын лицензияланатын қызмет түрінің мәлімделген кіші түрін орындау үшін қажетті, есеп айырысуларды орындауды, графикалық және өзге де материалдарды жасау мен ресімдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтылымның болуы талабына сәйкес келуі                 | елеулі  |
| 24 | II санаттағы жобалау қызметімен айналасу үшін лицензиаттарға қойылатын лицензиаттың бес жылдан кем емес тиісті жұмыс тәжірибесінің болуы талабына сәйкес келуі  | өрескел |
| 25 | II санаттағы жобалау қызметімен айналасу үшін лицензиаттарға қойылатын іске асырылған бестен кем емес құрылыс объектілерінің болуы талабына сәйкес келуі  | өрескел |
| 26 | I санаттағы жобалау қызметімен айналасу үшін лицензиаттарға қойылатын штатында лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша тиісті аттестаты бар және өтініш берушіде тұрақты негізде жұмыс істейтін кемінде бір аттестатталған инженер-техник жұмыскердің болуы талабына сәйкес келуі | өрескел |
|    | I санаттағы жобалау қызметімен айналасу үшін лицензиаттарға   |         |

|    |   |         |
|----|---|---------|
| 27 | қойылатын меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) құқығында және (немесе) жалға алу әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлардың болуы талабына сәйкес келуі   | елеулі  |
| 28 | I санаттағы жобалау қызметімен айналасу үшін лицензиаттарға қойылатын лицензияланатын қызмет түрінің мәлімделген кіші түрін орындау үшін қажетті, есеп айырысуларды орындауды, графикалық және өзге де материалдарды жасау мен ресімдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтылымның болуы талабына сәйкес келуі                                | елеулі  |
| 29 | I санаттағы жобалау қызметімен айналасу үшін лицензиаттарға қойылатын лицензиаттың он жылдан кем емес тиісті жұмыс тәжірибесінің болуы талабына сәйкес келуі  | өрескел |
| 30 | I санаттағы жобалау қызметімен айналасу үшін лицензиаттарға қойылатын іске асырылған оннан кем емес құрылыс объектілерінің болуы талабына сәйкес келуі  | өрескел |
| 31 | III санаттағы құрылыс-монтаждау жұмыстарымен айналасу үшін лицензиаттарға қойылатын штатында лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша тиісті аттестаты бар және өтініш берушіде тұрақты негізде жұмыс істейтін кемінде бір аттестатталған инженер-техник жұмыскердің болуы талабына сәйкес келуі | өрескел |
| 32 | III санаттағы құрылыс-монтаждау жұмыстарымен айналасу үшін лицензиаттарға қойылатын меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және (немесе) жалға алу құқығында өндірістік базаның болуы талабына сәйкес келуі   | елеулі  |
|    | III санаттағы құрылыс-монтаждау жұмыстарымен айналасу үшін  |         |

|    |   |         |
|----|---|---------|
| 33 | лицензиаттарға қойылатын меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және (немесе) жалға алу құқығында ең аз материалдық-техникалық жарактандырылуы талабына сәйкес келуі  | елеулі  |
| 34 | II санаттағы құрылыс-монтажда жұмыстарымен айналасу үшін лицензиаттарға қойылатын штатында лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша тиісті аттестаты бар және өтініш берушіде тұрақты негізде жұмыс істейтін кемінде бір аттестатталған инженер-техник жұмыскердің болуы талабына сәйкес келуі | өрескел |
| 35 | II санаттағы құрылыс-монтажда жұмыстарымен айналасу үшін лицензиаттарға қойылатын меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және (немесе) жалға алу құқығында өндірістік базаның болуы талабына сәйкес келуі   | елеулі  |
| 36 | II санаттағы құрылыс-монтажда жұмыстарымен айналасу үшін лицензиаттарға қойылатын меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және (немесе) жалға алу құқығында ең аз материалдық-техникалық жарактандырылуының болуы талабына сәйкес келуі  | елеулі  |
| 37 | II санаттағы құрылыс-монтажда жұмыстарымен айналасу үшін лицензиаттың бес жылдан кем емес тиісті жұмыс тәжірибесінің болуы талабына сәйкес келуі  | өрескел |
| 38 | II санаттағы құрылыс-монтажда жұмыстарымен айналасу үшін лицензиаттарға қойылатын іске асырылған бестен кем емес құрылыс объектілерінің болуы талабына сәйкес келуі   | өрескел |
|    | I санаттағы құрылыс-монтажда жұмыстарымен айналасу үшін лицензиаттарға қойылатын  |         |

|    |  |         |
|----|--|---------|
| 39 | штатында лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша тиісті аттестаты бар және өтініш берушіде тұрақты негізде жұмыс істейтін кемінде бір аттестатталған инженер-техник жұмыскердің болуы талабына сәйкес келуі  | өрескел |
| 40 | I санаттағы құрылыс-монтаждау жұмыстарымен айналасу үшін лицензиаттарға қойылатын меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және (немесе) жалға алу құқығында өндірістік базаның болуы талабына сәйкес келуі  | өрескел |
| 41 | I санаттағы құрылыс-монтаждау жұмыстарымен айналасу үшін лицензиаттарға қойылатын меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және (немесе) жалға алу құқығында аз материалдық-техникалық жарақтандырылуының болуы талабына сәйкес келуі  | елеулі  |
| 42 | I санаттағы құрылыс-монтаждау жұмыстарымен айналасу үшін лицензиаттарға қойылатын лицензиаттың он жылдан кем емес тиісті жұмыс тәжірибесінің болуы талабына сәйкес келуі   | өрескел |
| 43 | I санаттағы құрылыс-монтаждау жұмыстарымен айналасу үшін лицензиаттарға қойылатын іске асырылған оннан кем емес құрылыс объектілерінің болуы талабына сәйкес келуі   | өрескел |
| 44 | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптама жұмыстары мен инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидаларын сақтауда, қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттаманы сараптау жөніндегі сарапшыға: қала құрылысы, жобалау-сметалық құжаттаманың тиісті бөлімдері бойынша жоғары кәсіби білімі және қала құрылысы, | өрескел |

|    |  |         |
|----|--|---------|
|    | <p>жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттаманың тиісті бөлімдерін әзірлеу және (немесе) сараптау бойынша бес жылдан кем емес жұмыс тәжірибесінің болуы талабына сәйкес келуі</p>   |         |
| 45 | <p>Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптама жұмыстары мен инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидаларын сақтауда, тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілер бойынша техникалық қадағалау сарапшысына: құрылыс саласында жоғары кәсіби білімі және сарапшы ретінде бес жылдан кем емес жұмыс тәжірибесінің болуы талабына сәйкес келуі</p> | өрескел |
| 46 | <p>Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптама жұмыстары мен инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидаларын сақтауда, инженерлік желілер бөлігінде жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілер бойынша техникалық қадағалау сарапшысына: құрылыс саласында жоғары кәсіби білімі және сарапшы ретінде бес жылдан кем емес жұмыс тәжірибесінің болуы талабына сәйкес келуі</p>                | өрескел |
| 47 | <p>Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптама жұмыстары мен инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидаларын сақтауда, технологиялық жабдықтар бөлігінде жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілер бойынша техникалық қадағалау сарапшысына: құрылыс саласында жоғары кәсіби білімі және</p>   | өрескел |

|    |  |         |
|----|--|---------|
|    | сарапшы ретінде бес жылдан кем емес жұмыс тәжірибесінің болуы талабына сәйкес келуі  |         |
| 48 | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптама жұмыстары мен инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидаларын сақтауда, тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде жауапкершілігі екінші және үшінші деңгейдегі объектілер бойынша техникалық қадағалау сарапшысына: құрылыс саласында жоғары кәсіби білімі және құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуде үш жылдан кем емес жұмыс тәжірибесінің болуы талабына сәйкес келуі | өрескел |
| 49 | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптама жұмыстары мен инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидаларын сақтауда, инженерлік желілер бөлігінде жауапкершілігі екінші және үшінші деңгейдегі объектілер бойынша техникалық қадағалау сарапшысына: құрылыс саласында жоғары кәсіби білімі және құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуде үш жылдан кем емес жұмыс тәжірибесінің болуы талабына сәйкес келуі                | өрескел |
| 50 | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптама жұмыстары мен инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидаларын сақтауда, технологиялық жабдықтар бөлігінде жауапкершілігі екінші және үшінші деңгейдегі объектілер бойынша техникалық қадағалау сарапшысына: құрылыс саласында жоғары кәсіби білімі және құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуде үш   | өрескел |

|    |  |         |
|----|--|---------|
|    | жылдан кем емес жұмыс тәжірибесінің болуы талабына сәйкес келуі  |         |
| 51 | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптама жұмыстары мен инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидаларын сақтауда, сәулет бөлігінде жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілер бойынша авторлық қадағалау сарапшысына: құрылыс саласында жоғары кәсіби білімі және сарапшы ретінде үш жылдан кем емес жұмыс тәжірибесінің болуы талабына сәйкес келуі                            | өрескел |
| 52 | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптама жұмыстары мен инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидаларын сақтауда, тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілер бойынша авторлық қадағалау сарапшысына: құрылыс саласында жоғары кәсіби білімі және сарапшы ретінде үш жылдан кем емес жұмыс тәжірибесінің болуы талабына сәйкес келуі | өрескел |
| 53 | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптама жұмыстары мен инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидаларын сақтауда, сәулет бөлігінде жауапкершілігі екінші және үшінші деңгейдегі объектілер бойынша авторлық қадағалау сарапшысына: құрылыс саласында жоғары кәсіби білімі және жобалау қызметінде кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің болуы талабына сәйкес келуі                 | өрескел |
|    | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптама жұмыстары мен инжинирингтік көрсетілетін  |         |

|    |  |         |
|----|--|---------|
| 54 | <p>қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидаларын сақтауда, тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде жауапкершілігі екінші және үшінші деңгейдегі объектілер бойынша авторлық қадағалау сарапшысына құрылыс саласында жоғары кәсіби білімі және жобалау қызметінде кемінде бес жылдан кем емес жұмыс тәжірибесінің болуы талабына сәйкес келуі</p>  | өрескел |
| 55 | <p>Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптама жұмыстары мен инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидаларын сақтауда, ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен орнықтылығын техникалық тексеру сарапшысына: құрылыс саласында жоғары кәсіби білімі және есептеу мен конструкциялау мамандығы бойынша жобалау қызметінде үш жылдан кем емес жұмыс тәжірибенің немесе осы бағытта бес жылдан кем емес сарапшы болып жұмыс істеу тәжірибесінің болуы талабына сәйкес келуі</p>  | өрескел |
| 56 | <p>Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптама жұмыстары мен инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидаларын сақтауда, қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттаманы қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша сараптау жөніндегі сарапшыға: тиісті бөлім бойынша жоғары кәсіби білімінің және бес жылдан кем емес жұмыс тәжірибесінің немесе жоғары кәсіби білімі және қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттаманың экологиялық бөлімін әзірлеу және (немесе) сараптау бойынша он</p> | өрескел |

|    |   |         |
|----|---|---------|
|    | жылдан кем емес жұмыс тәжірибесінің болуы талабына сәйкес келуі   |         |
| 57 | <p>Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптама жұмыстары мен инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидаларын сақтауда, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттаманы сараптау жөніндегі с а р а п ш ы ғ а :</p> <p>санитарлық-эпидемиологиялық бейінді жоғарғы медициналық білімі және қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттаманың тиісті бөлімін сараптау бойынша бес жылдан кем емес жұмыс тәжірибесінің болуы талабына сәйкес келуі</p> | өрескел |
| 58 | Елді мекендердің қоныстану үлгісіне және сол жердің жағдайына сәйкес мүгедектер мен іс-қимылы шектеулі басқа да топтардың жұмыс орындарына, жалпыға ортақ пайдаланылатын орындарға, әлеуметтік, рекреациялық, инженерлік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне (ғимараттарға, коммуникацияларға) кіруі үшін оңтайлы жағдайлармен және құралдармен қамтамасыз келуі   | өрескел |
| 59 | Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі техникалық қадағалауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларда аккредиттеу туралы куәліктің болуы  | елеулі  |
|    | Бірінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілерде техникалық қадағалауды жүзеге асыру үшін өзінің құрамында тұрақты негізде бірінші жауапкершілік   |         |

|    |  |        |
|----|--|--------|
| 60 | <p>деңгейіндегі объектілерде техникалық қадағалауды жүзеге асыратын кемінде үш аттестатталған сарапшының болуы, оның ішінде бірінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілер бойынша – тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде (кемінде бір сарапшы) бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі техникалық қадағалауды жүзеге асыратын аккредиттелген ұйымдардың бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес болуы</p>  | елеулі |
